

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ ДОКТРИНАСЫ

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 11 қазандағы
№ 161 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, соғыстар мен қарулы жанжалдарды болдырмауға, әскери ұйымды дамытуға, Қарулы Куштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдануға көзқарастар жүйесін білдіреді.

Әскери доктрина Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу мақсаттарын, негізін қалаушы қағидаттары мен нысандарын айқындайды.

Әскери доктрина әскери теория ережелеріне, орта мерзімді перспективада әлемдегі және еңірдегі әскери-саяси жағдайды кешенді бағалауға және оны дамытуды стратегиялық болжауға негізделеді.

Әскери доктринаның құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар құрайды.

Әскери доктринаның қорғаныстық сипаты бар, оның ережелерінде бейбітшілікті дәйекті түрде ұстанатындығы елдің ұлттық мүддесін табанды қорғаумен, әскери қауіпсіздігіне кепілдік берумен үйлеседі.

Әскери доктринада әскери қауіпсіздіктің қазіргі заманғы, оның ішінде ассимметриялы қатерлер - кибертерроризмді, этноұлттық және діни экстремизмді, қарудың заңсыз таралуын қоса алғанда, халықаралық терроризмге қарсы күрес ескеріле отырып, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту жағдайлары мен негізгі бағыттары нақтыланады.

Әскери доктринада мынадай негізгі ұғымдар

пайдаланылады:

- 1) Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі - әскери күштерді қолданумен немесе оны қолдану ниетімен байланысты сыртқы және ішкі қатерлерден жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүддесінің қорғалу жай-күйі;
- 2) әскери жанжал - әскери күшті қолданумен мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыс, қарсы күресу, қайшылықтарды шешу нысаны (ұғым соғыс пен қарулы жанжалдарды қоса алғанда, барлық қарулы қарсы күресу түрлерін қамтиды);
- 3) соғыс - саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға қол жеткізу үшін қарулы күш көрсету құралдарын қолдануға көше отырып, мемлекеттер, халықтар және әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіне байланысты қоғамдық-саяси құбылыс;
- 4) қарулы жанжал - ауқымы шектеулі қарулы қақтығыс, мемлекет соғыс жағдайына өтпеген кезде қарулы күш көрсету құралдарын қолдана отырып, ұлттық, этностық, діни және басқа да қайшылықтарды шешу нысаны;

- 5) төмен қарқынды әскери жанжал - бұл шекаралық жанжалдар эскалациясы, ел ішіндегі заңсыз қарулы құралымдардың және террористік ұйымдардың әрекеті нәтижесінде туындаған қарулы жанжал;
- 6) орташа қарқынды әскери жанжал - бұл қуатты экономикалық және әскери әлеуеті жоқ елдер арасындағы соғыс;
- 7) жоғары қарқынды әскери жанжал - бұл әскери және экономикалық жағынан қуатты мемлекеттер (мемлекеттер коалициялары) қатысатын соғыс;
- 8) мемлекеттің әскери ұйымы - бірлескен қызметі Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, мемлекеттік органдар мен ұйымдар жиынтығы;
- 9) жеткілікті қамтылған әскерлер топтамасы - төмен қарқынды жанжалдар туындаған кезде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету

10) Қарулы Күштерді стратегиялық өрістету - бұл Қарулы Күштерді бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіруді, әскерлер (күштер) топтамаларын жедел-стратегиялық (жедел) өрістетуді, әскерлерді (күштерді) стратегиялық қайта топтастыруды, бірінші кезектегі стратегиялық резервтерді өрістетуді қамтитын іс-шаралар кешені;

11) әскери қауіпсіздік қатері - саяси және өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін әскери күш көрсету құралдарын қолдану мүмкіндігін, орын алған қайшылықты әскери-күш көрсету әдістерімен шешу ниетін болжайтын тұрақсыздық факторы.

■ Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынастар, олардың теңдік және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізумен, болжанатын қатерлерге негіздей отырып бірінші болып қарулы күшті қолданудан бас тартумен, мемлекеттің әскери ұйымын нығайтумен, оларды бейтараптандырудың неғұрлым тиімді нысандары мен тәсілдерін айқындаумен және пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының бұрынғы Әскери доктринасында айқындалған бағыттарды іске асыру шеңберінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттің әскери ұйымын жетілдіру, шағын, бірақ техникалық тұрғыдан жарактандырылған және ұтқырлығы жоғары Қарулы Күштерді құру мақсатында іс-шаралардың елеулі ауқымы орындалды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Құрлық әскерлерінен, Әуе қорғанысы күштерінен және Әскери-теңіз күштерінен тұратын Қарулы Күштердің оңтайлы үш түрлі құрылымы құрылды.

Құрлық әскерлерінің құрамына төрт өңірлік қолбасшылықтың әскерлері, сондай-ақ Аэроұтқыр әскерлері, Зымыран әскерлері мен артиллерия кірді. Бұл Қарулы Күштердің құрлықтағы жауынгерлік қабілетті құрауышын құруды аяқтауға мүмкіндік берді.

Әскер тектерін - Әскери-әуе күштері мен Әуе шабуылынан қорғаныс әскерін тиімді дамыту үшін Әуе қорғанысы күштерінің құрылымы нақтыланды.

Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде жоспарлау жүйесін жетілдіру және ведомствоаралық өзара іс-қимыл процесі жалғастырылуда.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің құрылымы және оны дамыту кезең-кезеңімен және жоспарлы түрде жүзеге асырылуда, ол ұдайы әзірліктегі, жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтан қорғауға арналған ұтқыр, кәсіби даярланған әскерлерді құруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жүйесін жетілдіруде. Бес өңірлік басқарма құрылды: «Оңтүстік», «Солтүстік», «Шығыс», «Батыс», «Жағалық қорғаныс». Кеден одағының жұмыс істеуі мүддесінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының учаскелерін күзетуді күшейту жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жоюдың мемлекеттік жүйесін жетілдіру және нығайту процесі, оның ішінде дүлей зілзалаларға, авариялар мен апаттарға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымын және олардың тәуекелдерін басқару жүйесін дамыту, шұғыл ден қою күштерін қажетті авариялық-құтқару техникасымен, жабдықпен жабдықтау, мониторинг пен болжаудың тиімді жүйесімен қамтамасыз ету жалғастырылуда.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды даярлау қарқындылығы арттырылуда.

Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жүйесін жетілдіру, жұмылдыру резервтерін даярлау жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

Елдің қорғаныс қабілетін нығайту мүддесінде отандық қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары, ғылыми және ғылыми-техникалық ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жүргізілді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымы шеңберінде Ұжымдық жедел ден қою күштерінің (ҰЖДК) бөлімшелері құрылды. Бірлескен жедел және жауынгерлік дайындық іс-шаралары барысында олардың өзара іс-қимыл жасау деңгейін арттыру жүргізілуде.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы желісі бойынша Қазақстан ұйымның терроризмге қарсы әлеуетін нығайтуға, оның ішінде терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуларға қатысу жолымен белсенді қатысады.

Ұлттық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту мүддесінде Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен және басқа да мемлекеттермен әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық өрісі кеңейтілуде.

Алайда әлемдегі және өңірдегі әскери-саяси жағдайдың шиеленісуі, техникалық прогресс, қарулы күрес жүргізудің нысандары мен тәсілдерін жетілдіру аясында әскери қауіпсіздіктің қазіргі заманғы қатерлеріне қарсы іс-қимыл жасау үшін мемлекеттің әскери ұйымының тиімділігін ұдайы арттыру қажет, ол мемлекеттің әскери саясатын түзетуді және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамытуды талап етеді.

3. Негізгі ережелер

3.1. Әскери-саяси жағдайдың даму болжамы, әскери қауіпсіздіктің әлеуетті қатерлері

Әлемдегі қазіргі заманғы әскери-саяси жағдай оқиғалардың шапшаң дамуымен, болжанбайтындығымен, әлемдік және өңірлік жетекші державалар бәсекелестігінің күшеюімен, сепаратизмнің, ұлттық және діни экстремизмнің өсуімен сипатталады. Қолданыстағы халықаралық-құқықтық тетіктерді қолданбай, күштік әдістерді қолдану халықаралық жағдайды тұрақсыздандырады, шиеленісті және жанталаса қарулануды өршітеді, мемлекетаралық қайшылықтардың күшеюіне ықпал етеді. Өртүрлі деңгейдегі реттелмеген әскери жанжалдар халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіреді.

Ядролық және жаппай қырып-жою қаруының басқа да түрлерін, оларды жеткізу құралдарын шығару технологияларының таралу қаупі сақталуда, халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің әрекет ету аясы кеңеюде.

Әскери тұрғыдан қысым көрсету және әскери қауіпсіздік қатерлерін іске асыру үшін қолданылуы мүмкін құралдар өзгерді. Дәстүрлі әскери құралдармен қатар әскери-саяси міндеттерді шешу үшін жаһандық коммуникация, ақпараттық-желілік технологиялар құралдарын пайдалана отырып, іріткі салу күштерінің ассимметриялық әрекеті қолданылады.

Сонымен қатар, дамыған және дамушы елдер арасындағы айырмашылықты ұлғайтатын табиғи ресурстардың тең бөлінбеуі, мемлекеттердің әлеуметтік-саяси құрылымы ұстанымдарының айырмашылығы және жаһанданудың басқа да теріс аспектілері мемлекетаралық қайшылықтардың шиеленісуіне ықпал етуі мүмкін, оларды шешу кезінде әскери және өзге де әлеуетті құралдар қолданылуы мүмкін. Орталық Азияда Ауғанстандағы тұрақсыздықтың сақталуына, өңірдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың шиеленісуіне, шекаралық-аумақтық және су проблемаларының, оларды реттеу жөніндегі жетілдірілмеген тетіктердің іс-қимылы жағдайында экономикалық, діни және басқа қайшылықтардың болуына байланысты ахуалдың шиеленісуіне алғышарттар бар. Есірткі тасымалы мен заңсыз көші-қон проблемалары трансұлттық сипатқа ие болды.

Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы мәселенің шешілмеуі, Каспий маңындағы кейбір мемлекеттердің өз әскери әлеуетін арттыруға ұмтылуы және даулы мұнай кен орындарының болуы перспективада өңірдегі әскери-саяси жағдайдың шиеленісуін тудыруы мүмкін. Әскери қауіпсіздік қатерінің сипаты елеулі өзгерістерге ұшырады. Сыртқы және ішкі қатерлер арасындағы өзара байланыс күшейе түсті.

Қазақстан Республикасы әскери қауіпсіздігінің сыртқы қатерлеріне мыналар жатады:

- 1) өңір елдеріндегі әлеуметтік-саяси тұрақсыздық және қарулы арандатулардың ықтималдығы;
- 2) Қазақстан шекарасы маңында әскери жанжалдар ошақтарының болуы;
- 3) өз мүддесін қамтамасыз ету мақсатында шетел мемлекеттерінің немесе ұйымдарының әскери-саяси қысым көрсетуді, Қазақстан Республикасының ішкі істеріне араласу үшін ақпараттық-психологиялық күрестің жаңа технологияларын пайдалануы;
- 4) Қазақстанның әскери қауіпсіздігіне залал келтіру үшін әскери-саяси ұйымдар мен одақтардың ықпал етуінің кеңеюі;
- 5) шекаралас елдердегі халықаралық террористік және радикалды ұйымдардың және топтамалардың, соның ішінде кибертерроризмнің әрекеті, діни экстремизм ұстанымдарының күшеюі;
- 6) жекелеген мемлекеттердің жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын жасау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруы, оны шығару үшін пайдаланылатын технологияларды, жабдықтар мен құрауыштарды, сондай-ақ қосарлы мақсаттағы технологияларды заңсыз тарату.

Қазақстан Республикасы әскери қауіпсіздігінің ішкі қатерлері мыналар болуы мүмкін:

- 1) экстремистік, ұлттық және сепаратистік қозғалыстардың, ұйымдар мен құрылымдардың қарулы күш көрсету әдістерін пайдалана отырып, елдегі ішкі жағдайды тұрақсыздандыруға, конституциялық құрылысты өзгертуге бағытталған әрекеті;
- 2) заңсыз қарулы құралымдардың құрылуы және олардың әрекеті;
- 3) диверсиялар, террористік актілер немесе өзге де заңға қарсы әрекеттер жасау үшін пайдаланылуы мүмкін қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш және басқа да құралдардың заңсыз таратылуы.

3.2. Қазіргі заманғы әскери жанжалдардың сипаты мен негізгі ерекшеліктері

Әскери қауіпсіздікке төнетін әлеуетті қатерлердің болуы Қазақстан Республикасын мемлекеттің өмірлік маңызды мүддесін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттемелерді орындау мақсатында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды әскери жанжалдардағы міндеттерді орындауға әзірлікте ұстауға міндеттейді. Кез келген әскери жанжалға тараптардың саяси мақсаттарына, әскери іс-қимылдар жүргізу ауқымына, шиеленісіне, қолданылатын қарулы күрес құралдарына, әскерлердің әрекет ету тәсілдеріне негізделген, жиынтығында оның сипатын айқындайтын ерекше әлеуметтік-саяси, құқықтық және әскери-стратегиялық ерекшеліктер тән.

Қазіргі заманғы әскери жанжалдардың негізгі ерекшеліктері:

- 1) қайшылықтарды күш көрсету әдістерімен шешудің болмай қоймайтындығы туралы қажетті қоғамдық пікірді алдын ала қалыптастыру;
- 2) тікелей емес стратегиялық іс-қимылды, оның ішінде саяси, психологиялық, ақпараттық қысым көрсету, күш көрсету, экономикалық санкцияларды қолдану;
- 3) мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу үшін ақпараттық қарсы күресу рөлін күшейту;
- 4) ауқымды кеңістікке жайылу, жоғары белсенділік пен қарқындылық, шапшаңдық пен шиеленіс шегіне жету;
- 5) жаңа және тиімділігі жоғары қару мен оқ-дәрілердің түрлерін (оның ішінде жоғары дәлдікті, электр магниттік, лазерлік және инфрадыбыстық қаруды) қолдану;
- 6) тараптар мен қапталдардың айқын белгіленген түйісу желілерінің болмауы, диверсиялық-барлау күштерін кеңінен маневр жасау және белсенді қолдану үшін жағдай жасайтын әскерлерді жедел құруда үлкен аралық пен алшақтықтың болуы;
- 7) энергетика кәсіпорындарының (бірінші кезекте ядролық), әртүрлі қауіпті өндіріс түрлерінің, инфрақұрылымның, коммуникациялардың, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің істен шығуы салдарын болжай алмау және басқара алмау;
- 8) жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізудің дәстүрлі емес нысандары мен тәсілдерін пайдалану, оларға арнайы операциялар күштері мен тұрақсыз қарулы құралымдардың қатысуы нәтижесіндегі әскери жанжалдардың ассимметриялығы болып табылады.

3.3. Қазақстан Республикасының қорғаныс саясатының мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасы әскери күштің мәні барынша төмендетілген және мемлекеттер арасындағы даулы мәселелерді саяси, дипломатиялық және құқықтық құралдарды қолдана отырып жүзеге асыратын халықаралық қатынастар жүйесін құруды дәйекті түрде қолдайды.

Қазақстан Республикасы бірде-бір мемлекет өзіне әлеуетті қарсылас болып табылмайды деп санайды.

Қазақстан Республикасы қорғаныс саясатының басты мақсаттары халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті, елдегі ішкі саяси тұрақтылықты нығайту, әскери жанжалдарды болдырмау және Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды Қазақстан Республикасын және оның одақтастарын қарулы қорғауға әзірлікте ұстау болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізуде саяси-дипломатиялық, құқықтық, экономикалық, гуманитарлық, ақпараттық-насихаттау және өзге де әскери емес сипаттағы шараларға басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасы агрессияға тойтарыс беру, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін әскери күш көрсетуді қолдану мүмкіндігін қарастырады.

Қазақстан Республикасы қорғаныс саясатының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту, әскери жанжалдарды болдырмау немесе жолын кесу үшін БҰҰ-ның, басқа да халықаралық ұйымдардың әлеуетін пайдалану;
- 2) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілетін әскери қауіпсіздіктің барынша ықтимал қатерлеріне қарсы іс-қимылды қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;
- 3) ұжымдық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту үшін екіжақты және көпжақты негіздерде әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейту;
- 4) бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау, оның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті шешімдерін (қарарларын) орындау шеңберінде бітімгершілік қызметіне қатысу;
- 5) қару-жарақты шектеу, қысқарту, таратпау және жою саласындағы шарттарды өзара орындауды бақылау, мемлекеттер арасындағы сенім шараларын нығайту.

Қазақстан Республикасының Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жоспарлайды және жүзеге асырады. Олардың негізгілері мыналар болып табылады:

- 1) әскери-саяси жағдайды дамытуды және әскери қауіпсіздіктің әлеуетті қатерлерін болжау;
 - 2) өңірлік қауіпсіздік жүйесін құру, әскери жанжалдарды болдырмау мүддесінде басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен әріптестік және ынтымақтастық құралдарын пайдалану;
 - 3) ішкі саяси тұрақтылықты қолдау, қазақстандық патриотизмге, оның ішінде азаматтарды мемлекетті қорғауға деген саналы көзқарасқа тәрбиелеу;
 - 4) қазіргі заманғы әскери-саяси жағдайды және оның өзгеру үрдісін ескере отырып, мемлекеттің қорғаныс және әскери ұйымы жүйесін жетілдіру;
 - 5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын, оның ішінде Кеден одағының тиімді жұмыс істеуі мүддесінде сенімді қорғауды және күзетуді қамтамасыз ету;
 - 6) мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету;
 - 7) ел аумағын жедел жабдықтау және әскери инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру;
 - 8) жоғары технологиялық әскери өнім шығару үшін отандық қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын жедел дамыту және жаңғырту.
- Осы шараларды кешенді іске асыру Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін әскери қауіпсіздіктің әлеуетті қатерлеріне барабар деңгейде, төмен және орташа қарқынды әскери жанжалдарды болдырмауды және жолын кесуді қамтамасыз ететін деңгейде ұстауға, жоғары қарқынды әскери жанжалдарды болдырмау жөніндегі халықаралық кепілдіктерді жасауға ықпал ететін болады.

3.4. Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту

Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту олардың қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік қолдану міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, үйлестірілген және келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттің әскери ұйымын дамытудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттің әскери ұйымының барлық құрауыштарын теңгерімді дамыту, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауды ескере отырып, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жаңғырту, олардың құрылымы мен құрамын жетілдіру;
- 2) әскери ұйымды басқару жүйесін жетілдіру және оның тиімді жұмыс істеуін арттыру;
- 3) аумақтық және азаматтық қорғаныс жүйелерін жетілдіру;
- 4) жұмылдыру дайындығын жетілдіру;
- 5) әскери қызмет беделін және Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеу тиімділігін арттыру;
- 6) қорғаныс өнеркәсібінің технологиялық базасын одан әрі дамыту және жаңғырту, қару-жарақтың, әскери техника мен оқ-дәрілердің жоғары технологиялық түрлерінің өндірістерін құру;
- 7) әскери ұйымды дамыту, әскери инфрақұрылымды жетілдіру және әскери кадрларды даярлау, халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде халықаралық әскери ынтымақтастықты кеңейту;
- 8) мемлекеттің қорғанысын және әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды кешенді дамыту мынадай шараларды жүзеге асыруды болжайды:

- 1) Қорғаныс министрлігінің Штабтар бастықтары комитетін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы етіп қайта құру және бірлесіп жоспарлау, ведомствоаралық үйлестіру және өзара іс-қимыл мәселелеріндегі оның рөлін күшейту;
- 2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылымын оңтайландыру және жетілдіру, олардың жауынгерлік құрамдас бөлігін күшейту;
- 3) стратегиялық бағыттарда өз жауапкершілік аймағында әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және әскери қауіпсіздіктің әлеуетті қатерлеріне барабар ден қоюға қабілетті тұраралық жеткілікті қамтылған әскерлер (күштер) топтамаларын құру;
- 4) автоматтандырылған басқару жүйелерін және телекоммуникациялар құралдарын енгізу, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды стационарлық және ұтқыр басқару пункттері желісін кеңейту есебінен әскерлерді басқару жүйесін жетілдіру;
- 5) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қару-жарағы мен әскери техникасын, ең алдымен байланыс және басқару құралдарын стандарттау және біріздендіру;
- 6) ақпараттық қарсы күресудің тиімді жүйесін құру;
- 7) елдің әуе шабуылына қарсы және зымыранға қарсы қорғаныс жүйесін жетілдіру;
- 8) қазіргі заманғы қару-жарақпен және техникамен, оның ішінде жоғары дәлдікті қарумен жарақтандыру, әскерлерді жауынгерлік даярлау жүйесіне қазіргі заманғы тренажерлық кешендерді, ақпараттық және техникалық құралдарды енгізу есебінен әскерлердің жауынгерлік қабілетін арттыру;

9) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды өңірлік қағидат бойынша қолдану және тарту жоспарларына сәйкес оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің кіріктірілген құрылымдарын құру;

10) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен, басқа да материалдық құралдармен орталықтандырып қамтамасыз ету, сондай-ақ бөлінетін қаржы қаражатын ұтымды жұмсау мүддесінде мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру;

11) әскери білім және кадрларды даярлау жүйесін жаңғырту, халықаралық озық тәжірибені ескере отырып, әскери ғылымды дамыту;

12) мемлекет аумағын және Каспий өңіріндегі әскери инфрақұрылымды жедел жабдықтауды жетілдіру.

Осы шаралар кешенін іске асыру әскерлердің сапалық параметрлерін арттыруға және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жоғары жауынгерлік қабілетін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3.5. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану

Қазіргі заманғы және тиімді Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралы, Қазақстан Республикасының ішкі саяси тұрақтылығы мен серпінді әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі болып табылады. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану Конституцияға, қолданыстағы заңнамаға, Қазақстан Республикасы Президентінің әскери қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жарлықтарына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану қағидаларына, қолдану және тарту жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары агрессияға тойтарыс беру, елдің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілердің күзеті мен қорғанысы, әуе кеңістігін және теңіз айдынын күзету үшін, ішкі саяси тұрақтылықты қолдау, терроризмге қарсы күрес, төтенше жағдайлардың салдарларын жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін қолданылады және тартылады.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бейбіт уақыттағы негізгі міндеттері:

- 1) жауынгерлік әлеуетті, жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін, мемлекеттік шекарадағы немесе Қазақстан Республикасы аумағының шегіндегі төмен қарқынды әскери жанжалдарды, кез келген заңсыз қарулы күш көрсетулерді оқшаулауды және жолын кесуді қамтамасыз ететін деңгейде бейбіт уақыт штатында басқару органдары мен әскерлердің дайындық дәрежесін қолдау;
- 2) әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ мемлекеттік шекараның жедел-стратегиялық тұрғыдан маңызды учаскелерін бүркемелеу;
- 3) Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінде, құрлықтық қайраңдарында және экономикалық аймағында Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғау;
- 4) ерекше маңызды және стратегиялық объектілерді күзету;
- 5) орташа немесе жоғары қарқынды жанжал қатері туындаған жағдайда Қарулы Күштерді стратегиялық өрістетуге әзірлікті қамтамасыз ету;
- 6) диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және жолын кесу;
- 7) елдің кез келген ауданында ішкі саяси жағдайды тұрақтандыру жөніндегі шешуші іс-қимылдарға әзірлікті көрсету;
- 8) төтенше жағдайлар режимін қамтамасыз етуге қатысу;
- 9) авариялардың, экологиялық апаттардың, әртүрлі төтенше жағдайлардың алдын алуға және олардың зардаптарын жоюға қатысу, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы дүлей зілзаладан зардап шеккен аумақтардың халқына көмек көрсету;
- 10) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бітімгершілік, гуманитарлық және өзге де операцияларға қатысу.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бейбіт уақыттағы құрамы, жасақталуы, даярлығы мен қамтамасыз етілуі олардың төмен және орташа қарқынды әскери жанжалдардағы міндеттерді орындауға әзірлігін қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары төмен қарқынды әскери жанжалдарда, әдетте, шиеленіс ошағын оқшаулау және жанжалдарды бейбіт құралдармен реттеу үшін жағдай жасау мақсатында неғұрлым ерте сатыда әскери іс-қимылдарды тоқтату, заңсыз қарулы құралымдарды жою, жағдайды қалпына келтіру, заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халыққа қажетті көмек көрсету үшін қолданылатын болады.

Осы міндеттерді шешуге Қарулы Күштердің ұдайы жауынгерлік әзірліктегі құрамалары мен бөлімдері тартылады. Қажет болған кезде олар басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен күшейтілуі мүмкін, ал операцияға басшылық жасауды бірыңғай қолбасшылық жүзеге асыратын болады.

Шекара маңындағы жанжалды, әдетте, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамаларымен және бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің күштері мен құралдары шешеді.

Ішкі қарулы жанжалдардың жолын кесу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне жүктеледі, оларды күшейту үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамалары мен бөлімдері тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы өзіне қарсы агрессия туындаған жағдайда, яғни орташа және жоғары қарқынды жанжалдар туындаған кезде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды, мемлекеттің экономикасын соғыс жағдайы және соғыс уақыты жағдайларында жұмыс істеуге ауыстыруды, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды стратегиялық өрістетуді, қарулы қорғауды, аумақтық және азаматтық қорғаныс іс-шараларын, достас мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлескен іс-қимылдар

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың соғыс уақытындағы негізгі міндеттері Қазақстан Республикасына және оның одақтастарына қарсы агрессияға тойтарыс беру, агрессордың әскерлеріне соққы беру, оны әскери іс-қимылдарды тоқтатуға мәжбүрлеу, агрессияға дейінгі жағдайды қалпына келтіру болып табылады.

Қазақстан Республикасына қарсы орташа қарқынды әскери жанжал әкімшілік, экономикалық және қорғаныс әлеуетіне нұқсан келтіру, белгілі бір аумақтарды басып алу немесе оларға бақылау орнату, мемлекетті елеулі саяси, экономикалық және басқа да шегіністерге мәжбүрлеу мақсатында туындауы мүмкін.

Орташа қарқынды жанжалға қатысу Қазақстан Республикасының барлық аумағында немесе оның жекелеген облыстарында (жергілікті жерлерінде) соғыс жағдайын енгізуді және ішінара немесе жалпы жұмылдыру жариялауды, мемлекеттің әскери-экономикалық әлеуетінің барлығын немесе елеулі бөлігін пайдалануды талап етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасына қарсы жоғары қарқынды жанжал мынадай тежеусіз әскери-саяси мақсаттардан туындауы мүмкін: елде саяси биліктің ауысуы, мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу, аумақтың біршама бөлігін иеліктен шығару, мемлекеттің қорғаныс әлеуетін толық жою.

Мемлекет жоғары қарқынды жанжал туындаған жағдайда қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелерінің коалициялық мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалануға ұмтылатын болады.

3.6. Халықаралық әскери ынтымақтастық

Қазақстан Республикасының халықаралық әскери ынтымақтастығы сыртқы саяси және экономикалық орындылығына негіздей отырып, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін теңгерімді шешу мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы мыналарды халықаралық әскери ынтымақтастықтағы басым бағыттар деп санайды:

- 1) өңірдегі әскери саладағы сенім мен жариялық шараларын нығайту;
- 2) жаппай қырып-жою қаруын таратпаудың халықаралық режимдерін нығайтуға жан-жақты жәрдемдесу, қару-жарақ, әскери техника, әскери және қосарлы мақсаттағы технологиялар сауда-саттығының және осы саладағы халықаралық шарттардың халықаралық нормаларын сақтау;
- 3) бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру және ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерді шоғырландыру, сондай-ақ ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының күштері мен құралдарын одан әрі дамыту қажеттілігіне негіздей отырып, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттермен әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыруды аяқтау;
- 4) жалпы әскери-саяси мүдделер негізінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі стратегиялық әріптестікті тереңдету;
- 5) Америка Құрама Штаттарымен және Еуропалық одақ мемлекеттерімен әскери және әскери-техникалық салалардағы ынтымақтастықты кеңейту;
- 6) ұлттық бітімгершілік әлеуетін дамыту, бірлескен оқу-жаттығуларға қатысу және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларды жоспарлауда, өткізуде және жан-жақты қамтамасыз етуде тәжірибе алмасу;
- 7) жедел үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында бітімгершілік бөлімшелерін оқытуда НАТО-ның әдістемелері мен стандарттарын пайдалану;
- 8) қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізуді жүзеге асыруға, Қазақстан аумағында бірлескен өндірістерді құруға бағытталған, шетел

Қазақстан ұлттық қауіпсіздіктің тиімді және қазіргі заманғы жүйесін құра отырып, халықаралық қауіпсіздік құрылымдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Қазақстан Республикасы әскери агрессия болған жағдайда бірлескен қауіпсіздікті және ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мүддесінде жүзеге асырылатын коалициялық әскери құрылыс шеңберінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты нығайтатын болады.

Қазақстан Республикасы мыналарды орта мерзімді кезеңде коалициялық әскери құрылыстағы басым бағыттар деп санайды:

- 1) коалициялық әскери құрылыс мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- 2) коалициялық күштерді қолдануды бірлесіп жоспарлаудың тиімділігін арттыру;
- 3) келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша бірлескен қауіпсіздік пен ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мүддесінде әскери контингентті мақсатына орай міндеттерді орындауға дайындау;
- 4) ұжымдық қауіпсіздік жүйесі күштері мен құралдарының өзара іс-қимылы мәселелерін, бірлескен іс-қимылдардың нысандары мен тәсілдерін жетілдіру;
- 5) ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің әуе шабуылына қарсы қорғанысының бірыңғай жүйесін және оның өңірлік құрауыштарын құру;
- 6) халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, сепаратизмге, есірткі бизнесіне қарсы күресте бірлескен күш-жігерді жандандыру;
- 7) жаппай қырып-жою қаруын таратпау процесіне қатысу;
- 8) қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды құру, оларды жаңғырту жөніндегі бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;
- 9) әскери кадрлар даярлау және әскери ғылымды дамыту.

Қазақстан Республикасының ұжымдық және ұлттық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі саясатының маңызды құрамдас бөлігі бітімгершілік қызмет болып табылады.

Қазақстанның халықаралық істерде әскери-саяси ұстанымының ілгерілеуі мен мүдделері үшін бітімгершілік қызметтің маңызды мәні бар, сондай-ақ елдің халықаралық аренадағы беделін елеулі дәрежеге көтереді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы өзіне берілген мандат негізінде БҰҰ аясындағы бітімгершілік операцияларына белсенді қатысатын болады. Қазақстанның бітімгершілік операцияларына қатысуының негізгі қағидаттары әділдік пен толық бейтараптылықты сақтау, жанжалдасатын кез келген тарапқа деген ерекше көзқарастың болмауы, егер жанжалдың басқа қатысушыларының мүддесін шектеуге әкелетін болса, тараптардың бірінің мүддесін іске асыруда тікелей немесе қосымша жәрдемдесуден бас тарту болып табылады.

Қазақстанның бітімгершілік қызметіндегі бастысы өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдеріне және жалпы танылған халықаралық құқық нормаларына сәйкес ұжымдық күш-жігерді шоғырландыру ісінде мемлекеттің қағидатты ұстанымы болып табылады.

Бітімгершілік әлеуетін нығайту мақсатында өңірлік бітімгершілік орталығын дамыту жалғастырылатын болады.

Бейбітшілікті қолдау және қалпына келтіру жөніндегі операцияларда міндеттерді орындау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының халықаралық стандарттар бойынша арнайы даярланған бөлімшелеріне жүктеледі. Олардың бітімгершілік операцияларына қатысуы Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамасына және ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасы Парламентінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Бөлінген контингентті жеке құраммен жасақтау ерікті негізде жүргізіледі. Халықаралық әскери ынтымақтастық мақсаттарына қол жеткізу көпұлтты негізде сенім мен әріптестік шараларын кеңейтумен және нығайтумен

үйлесімде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға қолдайды.

3.7. Қорғанысты әскери-экономикалық қамтамасыз ету

Қорғанысты әскери-экономикалық қамтамасыз етудің басты мақсаты әскери ұйымның қаржылық, материалдық-техникалық және басқа да ресурстарға деген қажеттілігін мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, әскери саясатты іске асыру үшін жеткілікті көлемде қанағаттандыру болып табылады.

Елдің қорғанысын әскери-экономикалық қамтамасыз ету мемлекеттің әскери ұйымының бейбіт және соғыс уақытында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Осыған сүйене отырып, қорғанысты әскери-экономикалық қамтамасыз етудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттің қаржы-экономикалық жүйесін жұмылдыру кезеңінде, соғыс жағдайында және соғыс уақытында жұмыс істеуге дайындау;
- 2) елдің жалпы ішкі өнімінің кемінде бір пайызы деңгейінде Қарулы Күштерді бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жетілдіру;
- 4) Қазақстан Республикасының жалпы мемлекеттік жұмылдыру дайындығы жүйесін дамыту.

Қорғанысты әскери-экономикалық қамтамасыз ету міндеттерін орындау мынадай шараларды жүзеге асыруды көздейді:

- 1) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен, әскери мүлікпен қамтамасыз ету мақсатында отандық қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын жедел және жоғары технологиялық дамыту;
- 2) әскери және қосарлы мақсаттағы өнім шығаратын отандық кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін ұйымдық-экономикалық тетіктерді енгізу жолымен олардың қызметін жетілдіру;
- 3) республикалық бюджеттен бөлінген қаржы, босатылатын және пайдаланылмайтын әскери мүлікті сатудан түскен қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қару-жарақ, әскери техника паркін және басқа да әскери мүлікті жаңғырту мен жаңартуды жүргізу;
- 4) әскери-экономикалық саладағы қарым-қатынастарды реттейтін заңнаманы жетілдіру;
- 5) Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жүктелген міндеттерді шешу үшін оларды жеткілікті көлемде уақтылы қаржыландыру;
- 6) біртұтас мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жүргізу және мемлекеттік қорғаныс тапсырысын

- 7) екіжақты және көпжақты тұрпатта өзара тиімді халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастықты іске асыру;
- 8) авиациялық, броньды танк, автомобиль техникасын, зымыран-артиллериялық қару-жарақты, байланыс және АБЖ құралдарын, оқ-дәрілерді, әскери және арнайы техниканың басқа да түрлерін жасау, шығару және жөндеу саласындағы отандық және шетелдік кәсіпорындар кооперациясын кеңейту;
- 9) қорғаныс өнеркәсібінің ғылыми-техникалық және өндірістік-технологиялық базасын сапалы жаңарту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін инвестициялар тарту, инновациялық қызметті жандандыру;
- 10) өткізу нарығын кеңейту, экспорттық әскери өнімнің номенклатурасы мен көлемін арттыру жолымен отандық әскери-өнеркәсіптік компаниялар мен кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін дамыту;
- 11) қорғаныс қажеттіліктері үшін өндірілетін өнімді мемлекеттік қабылдау тәртібін жетілдіру.

Белгіленген міндеттерді іске асыру мемлекеттің әскери ұйымының бейбіт уақытта тиімді жұмыс істеуін, сондай-ақ орташа қарқынды әскери жанжалдарда міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштерді жұмылдыруды және стратегиялық өрістетуді қамтамасыз етеді.

3.8. Жұмылдыру дайындығы

Мемлекеттің жұмылдыру дайындығының мақсаты - бейбіт уақытта жүргізілетін және соғыс уақытында мемлекетті орнықты басқаруға, ел экономикасын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының және халқының мұқтажын қамтамасыз етуге ұйымдасқан түрде ауыстыруға, елді қарулы қорғауға және қорғанысқа, жұмылдыру кезеңінде, соғыс жағдайында және соғыс уақытында әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

Жұмылдыру дайындығының негізгі міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдардың жұмылдыру дайындығы жүйесін жетілдіру;
 - 2) мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін арттыру болып табылады.
- Жұмылдыру дайындығы міндеттерін орындау үшін мынадай шараларды іске асыру көзделеді:
- 1) жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
 - 2) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында елдің аумағын, экономикасын дайындау және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жұмыс істеу жағдайларын айқындау;
 - 3) тұрғындарды, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жұмылдыруға, соғыс жағдайына және соғыс уақытына даярлау;
 - 4) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жұмылдыруға жасақтау үшін әскери-есептік мамандықтар бойынша азаматтарды даярлау;
 - 5) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырыстарын орындауға қажетті өндірісті дайындау;
 - 6) жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдарда жұмылдыру қуаттылығының күтіп ұсталуын және сақталуын қамтамасыз ету;
 - 7) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырыстарын орындауға қажетті жұмылдыру резервін құру;

- 8) әскерлердің (күштердің) орналасу географиясына, оларды қолдану және тарту жоспарларына сүйене отырып, мемлекеттік материалдық резерв жүйесін жетілдіру;
- 9) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, маңызды азаматтық өнімге құжаттаманың, сондай-ақ тәуекелі жоғары объектілерге, тұрғындардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесіне жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын құру, сақтау және пайдалану;
- 10) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында әскери міндеттілерді броньдау;
- 11) Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға жеткізу үшін арналған арнайы құралымдар мен техниканы дайындау;
- 12) мемлекеттік хабардар ету жүйесін жаңғырту;
- 13) қорғалған стационарлық басқару пункттері жүйесін құру;
- 14) Қарулы Күштердің соғыс уақытындағы қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қару-жарақ, әскери техника, басқа да әскери мүлік, материалдық құндылықтар қорын одан әрі қалыптастыру және күтіп ұстау.

Қазақстан Республикасында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру міндеттерін іске асыру мақсатында Жұмылдыру жоспарына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстары белгіленеді.

Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын есепке алу мен сақтауды мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қару-жарақтың, техниканың, оқ-дәрілердің, материалдық-техникалық құралдар мен басқа да әскери мүліктің жедел қорларын жинақтау мен күтіп ұстауды қорғаныс саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Жұмылдыру дайындығының міндеттерін іске асыру жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекетті орнықты басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

4. Қорытынды

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің қорғаныстық бағыттылығын айқындайды және Қазақстанның мемлекетаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешу кезіндегі дипломатиялық, құқықтық және әскери сипаттағы емес өзге де шаралардың басымдығы туралы қағидатты ұстанымына негізделеді.

Әскери доктринаның ережелерін іске асыру, болжанатын қатерлерге және елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларына барабар, қорғанысты қамтамасыз ету жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған өзара байланысты саяси, дипломатиялық, экономикалық, әлеуметтік, ақпараттық, құқықтық, әскери және басқа да шаралар кешенін жүргізу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі және өңірдегі әскери-саяси жағдайдың даму қарқыны, әскери қауіпсіздіктің сыртқы және ішкі қатерлерінің сипаты мен мазмұны, әскери теорияның негізгі ережелерінің өзгеруі, мемлекеттің әскери ұйымының дамуы ескеріле отырып нақтыланатын және толықтырылатын болады.

Әскери доктринаның жекелеген ережелері Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларында, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерде, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың бағдарламалық құжаттарында нақтылануы мүмкін. Қазақстан Республикасы халықаралық қауіпсіздікті қолдау, әскери жанжалдарды болдырмау мақсатын, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидаттарын ұстанатындығын растайды.